ХҒТАР 15.41.49

**С.Е. Илиева[1], Г.Ш. Ақымбек[2], Г.Ж. Менлибекова[3]**

*[1] Климента Охридски атындағы София университеті, София, Болгария,*
*[2,3]Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан*
*(E-mail: snilieva.su@gmail.com, agsh999@mail.ru, gmen64@mail.ru)*

# Виктимділік тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдердің психологиялық предикторі ретінде

**Аңдатпа.** *Зерттелініп отырған тақырыптың өзектілігі тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдердің виктимді мінез-құлқының қалыптасу заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік беретін, күрделі әлеуметтік құбылыс ретінде тұрмыстық зорлық-зомбылықты терең зерттеу қажеттілігімен байланысты.*

*Мақаланың мақсаты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдердің психологиялық предикторі ретінде виктимділіктің тұлғалық белгілерін анықтау. Әйелдердің индивидуалды-психологиялық ерекшеліктері, отбасылық стресс және зорлық-зомбылық, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың психологиялық предикторы болып табылатын виктимді мінез-құлықтың қалыптасуына әкелуі мүмкін деген ғылыми болжам берілген.*

*Мақалада виктимділік, виктимизацияланудың табиғаты, сипаттамалары, жалпы және жеке қасиеттері сипатталады. Виктимділікті зерттеудің психологиялық аспектілері бойынша шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалған. Зорлық-зомбылықтың психологиялық салдарын жеңу сатысында жәбірленушінің бақылау локусының интерналдығын арттыру маңызды міндет ретінде айқындалған.*

*Әйелдердің тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болуға әкелетін психологиялық предиктор ретінде виктимді қасиеттерді анықтау үшін эмпирикалық зерттеуде Фрайбурск тұлғалық сауалнамасы (FPI) қолданылды. Әдістемеден алынған мәліметтер бойынша жоғарғы деңгейдегі мазасыздық, шешім шығара алмаушылық, комформдылық, өзін қорғай алмау, белсенді әрекеттерге бармау, пассивтілік осы белгілер әйелдердің виктимді мінез-құлыққа әкелетіні анықталды. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдердің психологиялық предикторі ретінде виктимділіктің тұлғалық белгілерін анықтау мақсатында жүргізілген Фрайбургск тұлғалық сауалнамасынан алынған нәтижелердің талдамына сүйене отырып әйелдерге психологиялық мінездеме берілген.*

*Зерттеу нәтижесі негізінде отбасындағы физикалық, психологиялық және т.б. тұрақты зорлық-зомбылық жағдайында өмір сүретін әйелдердің түйсігі және мінез-құлығындағы психологиялық өзгерістер, олардың тәуелділік күйінің және виктимді мінез-құлықтың қалыптасуына әкеледі деген қорытынды жасалды.*

**Түйін сөздер**: *виктимология, виктимділік, виктимді мінез-құлық, потенциалды құрбан, тұрмыстық зорлық-зомбылық, психологиялық предиктор, агрессия, мазасыздық, конформдылық, депрессиялық невроз.*

**DOI: https://doi org/10.32523/2616-6895-2023-145-4-282-296**

## Кіріспе

Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық ерлер мен әйелдер арасындағы тарихи қалыптасқан әркелкі биліктік қарым-қатынастардың көрінісі ретінде әйелдердің толыққанды дамуының бұзылуына, әйелдерге үстемдік етуге, ерлер тарапынан әйелдерді

кемсітуге әкеледі. Әйелдер мен қыздарға  қатысты зорлық-зомбылық ғаламдық індет пен дүниежүзілік  алаңдаушылықты туындатып  отыр, өйткені ол адам құқықтарын бұзудың кең тараған тәсілі.

Соңғы мәліметтерге сәйкес, әлемде 15 жастан асқан 245 миллион әйел мен қызбала алдыңғы 12 айда жақын серіктес жасаған жыныстық немесе физикалық зорлық-зомбылыққа ұшыраған. Соңғы жылдары әлем бойынша тұрмыстық зомбылық оқиғаларының саны 25-33 процентке көтерілді [1]. Дүниежүзілік пандемия COVID-19 кезеңінде отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатына бағытталған ғаламдық бағдарлама мен қажетті іс-шаралар арқылы вирустың таралуынан корғаудың ұлттық деңгейде шектеулерді жүзеге асырды. Отбасындағы зорлық-зомбылықтың кең өріс алуының әлеуметтік, психологиялық және экономикалық салдары ашық байқалды [2].

Тұрмыстық зорлық-зомбылық әлемнің көптеген елдерінде жыл сайын өсіп келеді. Тұрмыстық зорлық- зомбылық психикалық денсаулыққа және әлеуметтік- экономикалық дамуға кері ықпал ететіні белгілі. Бұл - қазіргі қоғамдағы отбасының әлеуметтік-психологиялық денсаулығының басты мәселелерінің бірі. Көптеген психологтардың пікірінше, жақын адамдары мен жолдасының әйелдерге қатысты зорлық-зомбылығы, ер адамға қатысты зорлық-зомбылыққа қарағанда әлдеқайда жиі кездеседі. Алайда, әрбір әйел серіктес тарапынан зорлық-зомбылыққа ұшырай бермейді. Әйелдерді нағыз зорлық-зомбылықтың нысанына айналдыратын гендерлік және басқа да факторларды анықтау маңызды. Мұндай факторлардың бірі - психологиялық предикторлер. Зорлық-зомбылықтың психологиялық табиғатын қарастыруда ең алдымен «виктимділік» түсінігін қарастыру қажет. Себебі виктимділікті психологияда адамда құрбан болуға айналдыруы мүмкін физикалық, психикалық және әлеуметтік бітістер мен белгілердің болуы деп түсінеді [3].

Кез-келген зорлық-зомбылық актісінде субъект пен объект болады. Зорлық-зомбылық субъектісі - зорлық-зомбылық әрекетін жасайтын адам. Зорлық – зомбылық объектісі - бұл зорлық-зомбылық әрекеті жасалатын адам. Зорлық-зомбылықтың кейбір түрлерінде олар біріктіріліп қарастырылады, бірақ көбінесе бұл екі бөлек зерттеу нысаны болып табылады. Қазіргі психологияда агрессорлар мен қылмыскерлердің психологиялық портреттерімен қатар, психологиялық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған адамның қасиеттері мен ерекшеліктерін зерттеуге үлкен назар аударып отыр.

Виктимология – агрессия, қылмыс, зорлық-зомбылық құрбандарын және олардың тұлғалық және мінез-құлық ерекшеліктерін зерттеуге арналған психологиялық білімнің жеке саласы. Виктимологияның қарастыратын сұрақтарының бірі -  виктимизация, яғни қылмыс құрбаны болу үдерісін зерттейді. Ал қылмыстың құрбаны болуға бейімділікті виктимділік деп атайды. Виктимділікті жеке, топтық және бұқаралық деп бөліп көрсетуге болады [4]. Соның ішінде психологияда жеке виктимділікті тұлғаның сипаттамасы ретінде көбірек зерттеп келеді.

Виктимология тарихына көз жүгіртетін болсақ, XX ғасырдың 50-60 жылдарының басында АҚШ-тағы батыс университет профессорлары виктимологиялық доктрина туралы алғаш рет айта бастады. Виктимологиялық мәселені алғашқы зерттеушілер Ханс фон Гентиг (1887-1974), Генри Элленбергер (1905-1993) және Бенджамин Мендельсон (1900-1998)4 болды. Криминологиялық зерттеулердегі виктимологиялық мәселенің өзектілігін, практикалық ғылыми маңыздылығын түсінудегі шынайы жетістік 1947-1948 жж болды. Виктимологияның негізін қалаған Бенджамин Мендельсон мен Ханс фон Гентиг, алғашқыда Бонnның кейінірек Калифорния университетінің, Орегон, Айова және Колорадо (АҚШ) университетінің қылмыстық құқық және криминология профессорлары болып саналады. Олардың еңбектері виктимологиялық классикаға айналды. Б.Мендельсон румындық криминолог, қылмыстық адвокат ретінде жұмыс істей отырып, құрбанның қылмыскермен жиі таныс болғанына көңіл аударды, жәбірленушілердің мінез-құлқының ерекшеліктерін зерттей келе, өз бақылауларын қорытындылап, 1947 жылы «виктимология» терминін бірінші болып қолданды. Румыния психиатриялық қоғамының мүшелері үшін оқыған

дәрісінде тұңғыш рет қылмыстық құрбандардың жеке басын зерттеу мақсатында ғылыми әдісті қолданды [5].

1941 жылы Ганс фон Гентиг «Қылмыскер мен құрбанның арасындағы өзара әрекеттесу туралы ескертулер» мақаласын жариялады. Бұл мақалада қылмыс құрбандарының мінез-құлқы мен адамға қарсы зорлық-зомбылық жасау механизмі арасындағы байланыс туралы қорытынды негізделген. Бұл тәсіл динамикалық тұжырымдама деп аталды. Ганс фон Гентигтің динамикалық тұжырымдамасы бойынша, қылмыс құрбаны тек қылмыс механизміндегі пассивті, әрекетсіз элемент ретінде қарастырылмауы керек. Қылмыскер мен оның құрбаны – белсенді тараптар деп көрсетеді. Жәбірленуші, басқаша болса да, алайда өзінің мінез-құлқымен қылмыстың жасалауына үлес қосады, сондықтан да ол қылмыстың пассивті жағы емес. Олардың рөлдері, әрине, әртүрлі, бірақ қылмыс жасаған кезде қылмыскердің мінез-құлқын ғана емес, жәбірленушіні де ескеру қажет деп санады. Бұл бағыт криминологиялық виктимология деп аталды. Қылмыс құрбаны туралы динамикалық тұжырымдамадан басқа, Ганс фон Гентиг «потенциалды құрбан» ұғымын ғылыми айналымға енгізді. Мұндай адамдарға ол басқалармен салыстырғанда қылмыстың құрбаны болуға бейімділігі жоғары адамдарды жатқызды [6].

Тағы да виктимологиялық идеялар мен тұжырымдардың дамуына өз еңбектерімен айтарлықтай үлес қосқандардың бірі швейцариялық психиатр Г.Элленбергер болды. Г.Элленбергер психоанализ негізінде «қылмыскер- құрбан» осінде пайда болатын әртүрлі виктимологиялық жағдайларды талдады. Мұндай жағдайларға ол мыналарды жатқызды:

1) оның қатысушысы не қылмыскер, не құрбан бола алатын жағдай;

2) оның қатысушысы дәйекті түрде қылмыскер, содан кейін құрбан бола алатын жағдай (немесе керісінше);

3) оның қатысушысы бір уақытта қылмыскер ретінде де, құрбан ретінде де бола алатын жағдай.

Г.Элленбергер «туа біткен» құрбан деп аталатын қылмыстық жағдайдағы мінез-құлықты, сондай-ақ патологиялық жағдайдағы жәбірленушіні және т.б. зерттеуге көп көңіл бөлді. Г.Элленбергердің ойынша, виктимизацияның негізгі факторларының бірі - адамдардың әлеуметтік оқшаулануы. Потенциалды құрбандардың әлеуметтік оқшаулануын Г.Элленбергер «көру қабілетінің бұзылуы» ретінде анықтай отырып түсіндіреді. Мұндай адамдар басқа адамдармен қарым-қатынаста соқыр сияқты және бұл көбінесе ойластырылмаған және қауіпті мінез-құлықтың алғышарты болып табылады. Әлеуметтік оқшауланудың алдын алу шаралары құрбан болуды азайтуға мүмкіндік береді. Әлеуметтік оқшауланудың өзі құрбан болу мүмкіндігін тудырады деп көрсетеді [7]. Сонымен қатар қазіргі таңдағы зерттеулерде психоздық аурумен зардап шегетін адамдар виктимділікке бейім екендігін көрсетеді [8]

Ресейде жүргізілген зерттеулерге келетін болсақ, Е.С.Фоминых виктимділіктің психологиялық механизмдерін зерттей отырып, виктимді тұлғаға өміршеңдік жетіспейді, ал виктимділік өзі тұлғалық қасиет ретінде мінез-құлыққа берік орнығып, жеке тұлғаның өмірлік әлеуетін шектейді, толыққанды өмір сүруге кедергі келтіреді деген қорытындыға келді [9] А.А.Максименков және А.В.Майоров виктимділіктің психологиялық аспектілеріне назар аудара отырып, психологтар жеке виктимділікті зерттеу кезінде патологиялық қорқақтық пен икемділік, истероид, экзальтілділік, ригидтілік сияқты зардап шеккендердің жеке басының мүмкін психопатиялық қасиеттерін зерттеу керек екенін көрсетеді [10].

Алайда, осы уақытқа дейін психологтар құрбандардың бірыңғай портретін қалыптастырған жоқ. Түрлі қылмыс түрлеріне қарай құрбандардың портреттері қалыптастырылған. Мысалы, алаяқтардың құрбандары тым сенімді болса, ал кісі өлтіру құрбандары ұқыпсыз болатындығын көрсетеді [11]. А.М.Матусевич пен Л.В.Кубышко құрбандардың тұлғалық психологиялық сипаттамаларына келесі ерекшеліктерді жатқызады: өзін-өзі бағалау деңгейі, эмпатия, субъективті бақылау деңгейі, әлеуметтік қолдау сезімі, мазасыздық, қарым-қатынастағы батылдық, өз-өзіне тұйықталу, радикализм, фрустрация деңгейі [12]

Виктимология бойынша қазақстандық зерттеулер көпшілігінде қылмыстық-құқықтық, әлеуметтік-педагогикалық салада қарастырылған. Атап айтатын болсақ Кемали М.С. «Отбасы және тұрмыстағы әйелдердің зорлық-зомбылығының криминологиялық және қылмыстық-құқықтық мәселелері» [13], Сыздықова Ш.Е. «Отбасы ішіндегі зорлық-зомбылықтың алдын алудың теориялық негіздері» [14]; Алауханов Е.О., Каирова Н.И. [15] «Әйелдерге қатысты қылмыстық зорлық-зомбылық», Махадиева А.К. [16] «Отбасындағы зорлық-зомбылықты әлеуметтік-педагогикалық оңалтудың этнопсихологиялық аспектілері» жөніндегі еңбектерді көрсетуге болады.

Жалпы, виктимологиялық идеяларды былай сипаттауға болады. Криминологиялық белгілері бойынша адамдар арасында қылмыс жасауға бейім адамдар ғана емес, сонымен бірге қылмыстық көріністердің құрбаны болуға бейім адамдар да бар. Криминологияда виктимділік адамның қылмыстың құрбаны болуға бейімділігінде көрінетін тұлғалық қасиет ретінде анықтайды. Бұл тұжырым бір жағынан қылмыскер мен жәбірленуші екінші жағынан қылмыстық жағдай арасындағы өзара әрекеттесу туралы ілімге негізделген. Құрбан кінәлінің қылмыстық әрекеттерінің пассивті объектісі емес, қылмыскер сияқты қылмысты тудыратын, дамытатын және жасайтын қылмыстық жағдайға қатысы бар адам болғандықтан, қылмыстың құрбаны белгілі бір мағынада өзінің іс-әрекеті және мінез-құлқымен қылмысқа қатысады, қылмысты бағыттайды және криминогенді жағдайдың дамуын қамтамасыз етеді, яғни ол қылмыскердің мінез-құлқына әсерін тигізеді.

Алайда, жалпы алғанда, құрбандар әртүрлі болып келеді. Қылмыстың құрбаны белсенді немесе пассивті; өзінің мінез-құлқының мәні мен салдарын түсінетін немесе түсінбейтін; зиян келтірушімен тығыз байланысты немесе онымен мүлдем таныс емес; қарсыласуға қабілетті немесе қабілетсіз болуы мүмкін. Сонымен қатар, осы саланы зерттеп жүргендер виктимділік «жеке адамдардың өлімге әкелетін қасиет» емес екенін атап көрсетеді [17]. Тіпті «виктимді емес» адам, тек жеке мәселесі бойынша емес, сонымен бірге жәбірленушіге қатысты сыртқы факторлардың әсерінен қылмыстың құрбаны бола алады, сондықтан құрбандардың психологиялық портретін жасау міндеті әлі аяқталған жоқ және оны нақты деңгейде шешу керек. Әсіресе қылмыстың белгілі бір түрінен зардап шеккендердің жеке басының виктимологиялық қасиеттерін тануға және сипаттауға назар аудару керек. Сонын ішінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдердің виктимдік қасиеттерін қарастыруға болады.

Бірқатар өзекті психологиялық зерттеулерде әйелдің виктимділігі мен оның тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырауы, олардың жеке тұлғасының сыни деңгейі арасындағы байланысты анықтауға тырысады (А.М.Баришполец және А.Ю.Холодов, В.С. Киселев, Н.Н. Биктин). А.М.Баришполец пен А.Ю. Холодовтың пікірінше көбінесе енжар, өздерінің қауіпсіздігіне, шамадан тыс сақтыққа ұмтылысы жоғары әйелдер зорлық-зомбылықтың құрбаны болады деген қорытынды жасайды [18]. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болуға бейімділіктің психологиялық предикторлері ретінде бағыну, пассивті өмірлік ұстаным және авторлар «пассивті мінез-құлық моделы» деп атаған мінез-құлықтағы шамадан тыс сақтықты көрсетеді.

Ал В.С.Киселев керісінше құрбандардың виктимділігі бір жағынан агрессия мен жауап беру және арандатушылықпен байланысты болса, екінші жағынан өзін-өзі құрбан ету, қалыптасқан өзіндік кемдік сезімі, төмен өзін-өзі бағалаумен байланысты деген мәліметтерді жариялады [19] Ұсынылған мәліметтерге сәйкес, белсенді агрессивті өмірлік ұстанымы бар әйелдер де, пассивті өмірлік ұстанымы бар әйелдер де зорлық-зомбылыққа ұшырайды. Оның пікірінше, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдер жоғары және өте төмен сынилықпен ерекшеленуі мүмкін, жағдайды бағалауға тырысады немесе қауіптер мен сыни жағдайларға назар аудармайды. Сонымен қатар виктимді тұлғаның сыни деңгейінің төмен болуы Н.Н.Биктинаның еңбектерінде де берілген. Психологтың пікірінше тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әйел-құрбандары жолдасымен салыстырғанда сыни ойлауы төмен және жоғарғы иланушылықпен ерекшеленеді [20].

Бұл зерттеудегі әйелдердің сыни ойлаудың жоғарғы деңгейі мен оның серіктес тарапынан тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырауы арасындағы байланысы туралы мәліметтер қарама-қайшы болып тұр. Эмпирикалық деректерді қосымша нақтылау қажет, бірақ серіктес тарапынан тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбаны болған әйелдердің сыни ойлауының төмен деңгейде болуы неғұрлым негізделген мәлімет. Яғни әйелдердің сыни ойлауының төмен болуы серіктесінің мінез-құлқының шынайы деструктивті сипатын ұғынуға және түсінуге, оның себептерін анықтауға, өз іс-әрекеттерінің ықтимал нәтижелерін болжай алмауға, тұлғааралық қатынастарда өз шекараларын білуге және орнатуға мүмкіндік бермейді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдердің виктимділік қасиеттерін анықтауға арналған шетелдік зерттеулер көп жүргізілген. Мысалы, John H. Porcerelli, Rosemary Cogan, Patricia P. West және т.б. жүргізген зерттеу зорлық-зомбылықтық виктимизацияға қатысты гендірілік айырмашылықты көрсетеді. Алынған мәліметтер бойынша депрессиямен зардап шегетін ер адамдар көпшілігінде таныс емес адамдардың зорлық-зомбылығына ұшыраса, ал депрессиядағы әйелдер өзінін жолдасының немесе бұрын таныс болған ер адамдардың зорлық-зомбылығына ұшыраған. Депрессиялық симптомдар мен жұмыссыздық қайталанушы зорлық-зомбылықтың себебі болған деп көрсетеді [21].

Ал Abd El Moez K өзінің зерттеуінде MMPI тұлғаны бағалау шкаласы бойынша тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған 44 әйелді психологиялық бағалауда бақылау тобымен салыстырғанда оларда депрессия, психопатиялық белгілер және психоздық бұзылулар бойынша айырмашылықты анықтады. Яғни эксперименталды топта бақылау тобына қарағанда депрессиялық, психоздық және психопатиялық көріністердің жоғарырақ болғанын көрсетті. Бұл дегеніміз алыған нәтижелер осы әйелдердің зорлық-зомбылығымен немесе мінез-құлықтың виктимдік ерекшеліктерімен байланысты екенін анықтау үшін тағы да зерттеулерді қажет етеді дегенді көрсетеді [22].

Bellot A., Izal M., Montorio I. зерттеулері бойынша әйелдердің ревиктимизация факторы ретінде эмоционалды өзін-өзі реттеудің төмендігі және әлеуметтік қолдаудың болмауымен түсіндіреді [23]. Сонымен қатар тұрмыстық зорлық-зомбылықтың маңызды предикторы ретінде әйелдердің білім деңгейі мен кәсіби мәртебені де көрсететін зерттеулер бар [24].

Қазіргі таңда жүргізіліп келе жатқан ресейлік психологиялық зерттеулер әйелдердің виктимділігі мен оның бір жағынан жолдасы тарапынан тұрмыстық зорлық-зомбылыққа ұшырауы, екінші жағынан локс бақылаумен өзара байланысты анықтауға және түсіндірге тырысады (А.Б.Орлов, С.С.Константинова, В.А.Маликова, А.С.Зубрицкая, А.А.Семерикова және Н.Р.Анисимова, Е.А. Ератина және В.А.Ефремова). А.Б.Орловтың пікірінше, отбасындағы психологиялық зорлық-зомбылықтың пассивті аспектісі-зорлық-зомбылық құрбанының тұлғалық психологиялық ерекшеліктері болып табылады. Психологиялық зорлық-зомбылық құрбандарының ерекшеліктеріне оның тұжырымы бойынша өзіне және әлемге деген сенімнің жоғалуы, диффуздық өзін-өзі сәйкестендіру, бақылаудың сыртқы локусы, мазасыздық, депрессия, агрессивтілік, табынушылық, коммуникативті қабілетсіздік және өзін-өзі бағалаудың төмендігі жатады [25]. Ал С.С.Константинова жәбірленушінің жағдайларға тәуелділігі сыртқы бақылау локусына, сондай ақ әйелдердің негізсіз кінә сезімі және мәселені қабылдамауы төмен сыни ойлауға байланысты болуы мүмкін деп болжайды [26]. В.А.Маликова және оның әріптестері адамда өміршеңдіктің жоғары деңгейінің болуы ықтимал зорлық-зомбылыққа қарсы тұра алатын тұлғалық потенциал құрайды деген қорытындыға келеді [27]. Бұл потенциалдың маңызды құрамдас бөлігі бақылау локусы болып табылады. Зорлық-зомбылықтың психологиялық салдарын жеңу сатысында жәбірленушінің бақылау локусының интерналдығын арттыру маңызды міндет болып табылатындығын көрсетеді.

А.С.Зубрицкая өзінің зерттеулерінде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әйел-құрбандары экстерналды локус бақылауға бейім екендігін анықтаған. Сонымен қатар, А.С. Зубрицкая зерттеу барысында әйелдердің зорлық-зомбылық үшін өздерін

кінәлайтындарын ерекше атап өтті. Бұл оладың сыни тұрғыдан ойлауға, жағдайды ойлаunion ойлаластыруға, агрессордың мінез-құлқын сыни тұрғыдан қарауға және талдауға қабілетсіздігімен байланысты [28].

А.А.Семерикова мен Н.Р.Анисимова [29] тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайындағы әйелдердің виктимді мінез-құлқының ерекшеліктеріне келесі қаисеттерді жатқызады: пассивтілік, шындықты жоққа шығару және жағдайға өз әрекеттерімен әсер етуге ұмтылу, яғни бақылаудың сыртқы локусы, әйелдердің жанқиярлыққа дайын болуы, өзінің азаптаушыға деген адалдық, агрессордың мінез-құлығын сынмен қарай алмаушылық, тәуелділік.

Е.А.Неретина мен В.А.Ефремова құрбан болған әйелдер өмірінің көптеген салаларында шектеулер қоя алмауымен, сондай-ақ өзін қорғай алмауымен сипатталады деп санайды [30]. Бұл дегеніміз зорлық-зомбылықтың құрбаны болғандарда сыни ойлауы төмен, өзінің әрекеттерін және салдарын бағалауға және ұғынуға қабілетсіз.

Сонымен, ерлі-зайыптылық қатынастар жүйесіндегі әйелдердің виктимді мінез-құлқының психологиялық ерекшеліктеріне тұлғалық қасиеттер мен күйлердің кең ауқымы, сондай-ақ әйелдердің тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбанына айналуына жеке бейімділігін анықтайтын сыртқы және ішкі факторлардың жиынтығы жатады. Алайда, психологиялық зерттеулерде келтірілген мәліметтер өте қарама-қайшылықты және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдің психологиялық портретін қалыптастыруға мүмкіндік бермейді. Серіктестер немесе ерлі-зайыптылар тарапынан тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдердің виктимділік ерекшеліктері туралы келісілген деректер жоқ. Соныдықтан да әйелдердің тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болуына әкелетін предикторлерді зерттеу маңызды.

**Зерттеу әдістері**

Біз зерттеумізде әйелдердің тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болуына итермелейтін тұрақты виктимді тұлғалық қасиеттерді анықтау мақсатында Фрайбургск тұлғалық сауалнамасы (ағыл. Freiburg Personality Inventory – FPI) қолдандық. Тұлғалық сауалнама негізінен 16 PF, MMPI және т.б. кеңінен танымал сауалнамаларды құру және қолдану тәжірибесін ескере отырып, қолданбалы зерттеулер үшін жасалған. Сауалнама шкалалары факторлық талдау нәтижелері негізінде қалыптастырылған және өзара байланысты факторлардың жиынтығын көрсетеді. Сауалнама әлеуметтік бейімделу және мінез-құлықты реттеу процесі үшін өте маңызды күйлер мен тұлғалық қасиеттерді диагностикалауға арналған.

FPI сауалнамасы 12 шкаладан тұрады: невроздық, спонтанды агрессия, депрессия, тітіркену, көпшілдік, тепе-теңдік, реактивті агрессия, ұялшақтық, ашықтық, экстраверсия-интраверсия, эмоциялық лабильділік, маскулинділік-феминділік.

Сауалнамадағы сұрақтардың жалпы саны -114. Бірінші сұрақ шкалалардың ешқайсысына кірмейді, өйткені ол тексеру үшін құрастырылған. I - IX сауалнама шкалалары негізгі, ал X - XII интеграциялаушы болып табылады.

Эксперименталды зерттеудің мақсаты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдердің психологиялық предикторі ретінде виктимділіктің тұлғалық белгілерін анықтау. Себебі әйелдердің индивидуалды-психологиялық ерекшеліктері, отбасылық стресс және зорлық-зомбылық, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың психологиялық предикторы болып табылатын виктимді мінез-құлықтың қалыптасуына әкелуі мүмкін.

**Нәтижелер мен талқылау**

Эксперименталды зерттеу Астана қ. «Үміт» дағдарыс орталығында жүргізілді. Зерттеуге тұрмыстық зорлық-зомбылықты басынан кешірген 21 әйел қатысты. Фрайбургск тұлғалық сауалнамасын жүргізуден алынған алғашқы сипаттамалық статистиканы төмендегі кестеден көруге болады.

**Кесте 1.**

**Фрайбургск тұлғалық сауалнамасынан алынған сипаттамалық статистика**

| Сипаттамалық статистика | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | N | Минимум | Максимум | Орта | Орташа кв. ауытқу |
| 1.Невроздық | 21 | 5,00 | 8,00 | 6,6250 | 1,30247 |
| 2.Спонтантты агрессия | 21 | 1,00 | 3,00 | 1,5000 | ,92582 |
| 3.Депрессия | 21 | 5,00 | 8,00 | 6,5000 | 1,06904 |
| 4.Тітіркену | 21 | 1,00 | 6,00 | 4,3750 | 1,68502 |
| 5.Көпшіл | 21 | 2,00 | 5,00 | 3,3750 | 1,18773 |
| 6.Тепе-теңдік | 21 | 4,00 | 9,00 | 6,3750 | 1,76777 |
| 7.Реактивті агрессия | 21 | 3,00 | 8,00 | 4,8750 | 2,10017 |
| 8.Ұялшақтық | 21 | 5,00 | 8,00 | 6,6250 | ,91613 |
| 9.Ашықтық | 21 | 1,00 | 5,00 | 3,3750 | 1,18773 |
| 10.Экстраверсия-интраверсия | 21 | 2,00 | 6,00 | 3,1250 | 1,12599 |
| 11.Эмоциялы лабильділік | 21 | 4,00 | 7,00 | 5,3750 | 1,30247 |
| 12. Маскулинділік-феминділік | 21 | 1,00 | 6,00 | 3,5000 | 1,92725 |
| N валидті (тізім ойынша) | 21 | | | | |

Осы алынған нәтижелер арқылы тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдердің тұлғалық профилінің графикалық бейнесін ұсынуға болады.




**Сурет 1. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдердің тұлғалық профилі**

Фрайбургск тұлғалық сауалнамасы бойынша алынған нәтижелерді өңдеу тәртібі бойынша төменге 1-3 балл диапазонындағы бағалаулар, орташа - 4-6 балл, ал жоғары - 7-9 балл жатады. Біздің зерттеуіміздегі нәтижелер бойынша әрбір шкаладан алынған деңгейлерге түсіндірме беріп өтетін болсақ.

I. Невроздық-тұлғаның невротизация деңгейін сипаттайтын шкала бойынша 7 баллға тең. Бұл жоғарғы деңгей. Осы шкала бойынша жоғары деңгейдегі бағалаулар айтарлықтай психосоматикалық бұзылулары бар астениялық типтегі айқын невроздық синдромға сәйкес келеді. Демек, тұрмыстық зорлық-зомбылықты басынан кешіріп отырған әйелдер жүйкесі тозған, мазасыз, эмоциялық қозу, төмен көңіл-күйден шыға алмайтын, өз сезімдеріне тұйықталған.

II. Спонтанды агрессия-интротенсивті психопатизация типін бағалау және анықтау шкаласы төмен деңгей (1 балл). Әйелдер қоршаған ортадағы әлеуметтік талаптарды қатты ұстанады, конформды, жол бергіш, өте ұстамды, шыдамды, қызығушылықтары тарылып тіпті әуестіктері орындалмаса да мінез-құлқын көрсетпейді.

III. Депрессия-психопатологиялық депрессиялық синдром белгілерін диагностикалау шкаласы жоғарғы деңгейді көрсетті (7 балл). Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдер өзіне және әлеуметтік қоршаған ортаға қатынасы бойынша реңжулі, ұялшақ, сенімсіз, қайғылы, өзіндік ішкі азаптары бар. Болашаққа пессимистік көз-қараспен қарайды, перспективалары жоқ, шешім қабылдай алмайды, өз болмысын мағынасыз деп санайды.

IV. Тітіркену-эмоционалды тұрақтылығын болжауға бағытталған шкала орта деңгейде (4 балл). Әйелдер өте қарқынды импульсивті эмоцияларды көрсетпейді. Жауапкершілік сезімі, адалдық, моральдық принциптерді ұстануға тырысады.

V. Көпшілдік-әлеуметтік белсенділік көрінісін сипаттайтын шкала төмен деңгейді (3 балл) көрсетті. Бұл дегеніміз зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдер ашық эмоциялары жоқ, салқындық, басқалармен қарым-қатынасы формальды болып табылады.

VI. Тепе-теңдік-стресске тұрақтылықты бейнелейтін шкала орта деңгейде (6 балл). Күнделікті өмірлік жағдайлардан болатын стресс әсеріне төзімділігі орташа. Әйелдерге өздеріне деген сенімділік, оптимистік және белсенділік жетіспейді.

VII. Реактивті агрессия-экстротенсивті типтегі психопатизация белгілерін анықтаудағы шкала орта деңгейді (5 балл) көрсетті. Зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдер қоршаған ортаға агрессиясын көрсетпейді және үстем болуға ұмтылмайды, керісінше басқаларға тәуелділігілі, конформдылығы байқалады.

VIII. Ұялшақтық-пассивті-қорғаныс типі бойынша көрінетін қарапайым өмірлік жағдайларға стресстік жауап беруге бейімділікті көрсететін шкала жоғарғы деңгейде (7 балл). Әйелдердің мазасыздық күйі жоғары, жабық, өздеріне сенімсіз, ұстамды, ұялшақ, сонын салдарынан әлеуметтік байланыстарға түсуі қиын.

IX. Ашықтық- әлеуметтік ортаға және өз-өзіне сыни көзқарас деңгейін сипаттауға мүмкіндік беретін шкала (3) төмен деңгей. Әйелдер қоршаған ортамен сенімді, ашық өзара әрекетке бармайды. Өз-өзіне деген сыни көз-қарасы төмен.

X. Экстраверсия-интраверсия шкаласы бойынша төмен деңгей (3 балл). Әйелдерде айқын интроверттілік байқалады, бұл дегеніміз: байланыстағы қиындықтар, оқшаулану, көпшіл емес, кең ауқымдағы қарым-қатынасты қажет етпейтін әрекет түрлеріне ұмтылады.

XI. Эмоциялық лабильділік шкаласы бойынша орта деңгейдегі (5 балл) көрсеткіш. Отбасылық зорлық-зомбылықты басынан кешірген әйелдер эмоционалды тұрақты. Депрессия шкаласының жоғары көрінуіне байланысты, әйелдер көпшілігінде төмен көңіл-күйде ұзақ жүруі мүмкін. Көңіл-күйлері жылдам ауытқып тұрмайды.

XII. Маскулинизм-феминизм шкаласы бойынша төмен деңгей (3). Яғни әйелдер нәзік, батыл шешімдерге бара бермейді.

Осы аталған он екі шкала бойынша өзара байланыстарды анықтау үшін, әдістемеден алынған мәліметтерге статистикалық өңдеу жүргізіліп, факторлық талдау жасалынды. Статистикалық өңдеу SPSS 27. бағдарламасы арқылы жүзеге асырылып Пирсонның корреляция коэффициенті қолданылды. Алынған мәліметтер төмендегі кестеде ұсынылып отыр.

**Кесте 2.**

**Фрайбургск тұлғалық сауалнамасы бойынша шкалалар арасындағы корреляция**

| Корреляция | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | I | II | III | IV | V | VI | VII | VIII | IX | X | XI | XII |
| I.Невроздық | 1,000 | | | | | | | | | | | |
| II.Спонтантты агрессия | 0,282 | 1,000 | | | | | | | | | | |
| III.Депрессия | ,811** | 0,388 | 1,000 | | | | | | | | | |
| IV.Тітіркену | 0,401 | 0,074 | 0,394 | 1,000 | | | | | | | | |
| V.Көпшіл | -0,139 | -0,146 | 0,312 | ,278 | 1,000 | | | | | | | |
| VI.Тепетеңдік | -0,013 | -0,095 | -0,157 | -,0342 | ,355 | 1,000 | | | | | | |
| VII.Реактивті агрессия | 0,039 | -0,001 | 0,119 | 0,061 | -0,087 | 0,013 | 1,000 | | | | | |
| VIII.Ұялшақтық | -0,026 | -0,070 | -0,200 | -,543** | 0,369 | 0,226 | -0,357 | 1,000 | | | | |
| IX.Ашықтық | 0,328 | 0,282 | 0,058 | 0,401 | -0,139 | -0,013 | 0,039 | -0,026 | 1,000 | | | |
| X.Экстраверсия-интраверсия | -,480* | -0,216 | -,175 | -,244 | 0,265 | 0,297 | 0,327 | ,461* | -,480* | 1,000 | | |
